


# БЕКСҰЛТАННЫҢ БИІГІ

Жастайынан спортты серік етіп, бүгінде М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің ғана емес, еліміздің мақтанышына айналып жүрген азаматтың бірі – Бексұлтан Әлжанов, 2004 жылы Шыршық қаласында дүниеге келген жас спортшы 2021 жылы М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің «Механика және мұнай-газ ісі» факультетінің «Машина жасау» мамандығына оқуға түсіп, бүгінде 2-курс студенті атанды.

Бексұлтан, сондай-ақ, №3 жоғары шеберлер спорт мектебінің спортшысы, ал жалпы спорттың қаратэ-до шотокан түрімен кәсіби түрғыда шұғылданып жүргеніне 10 жыл толып отыр. Спорттағы бапкер-жаттықтырушысы – Ерлан Нұрбаев. Бексұлтан қоғамдық жұмыс пен оку процесінде ғана емес, халықаралық, республикалық спорт сайыстарында да белсенділігімен көзге түсіп, жүлделі орындардан көрініп жүр. Яғни, спорттағы жетістігімен Отанымыздыңabyroyын асқақтатып, мерейін үстем

етіп келеді.

Бексұлтан Бекжанұлы жастар арасында белсенділік танытқаны үшін 2021-2022 оқыжылында университет ректорының алғыс хатымен мара-патталды. Ал, 2021 жылы Мәскеуде өткен «X-th CHRISTMAS WORLD CUP in Karate WSF» Әлем біріншілігінде 75 кг салмақ дәрежесінде II орын иеленді. Сондай-ақ, Тараз қаласында өткен ел біріншілігінде күміс жүлдегер атанды. Сол жылы Чебоксары қаласында өткен халықаралық додада алтын медальмен оралды. Сонымен



қатар, Чехия елінің Карловы Вары қаласында өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдесі де Бексұлтанның қоржынына түсті. Өткен жылы Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының кубогында бас жүлдеге ие болды. Биыл ақпан айында Шымкентте үйимдастырылған Қазақстан чемпионатында да бәсекелестерінен басым түсіп, 1-орын алды. Осындағы толағай жетістіктерге жетіп, өзінің қарым-қабілетімен көзге түскен азамат биыл Оңтүстік Қазақстан Университетінде Асанбай

Асқарулы атындағы стипендиясына қол жеткізді.

Ел біріншілігінің 2 дүркін чемпионы, Әлем кубогының күміс жүлдегері, университет мақтанышы Бексұлтан Бекжанұлы алда талай белестерді бағындырып, женіс тұрынан көрінеді деген сенімдеміз.

**Оралхан ҚАЛЫБАЙҰЛЫ,**  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ «Механика және  
машина жасау»  
кафедрасының  
оқытушысы